

БАРЫС БҰЙЫРДЫ

«МАҢҒЫСТАУ БАРЫСЫНДА» ЖҮЛДЕЛІ ЕКІНШІ ОРЫН АЛЫП, ЕЛДІҢ ҮЛКЕН ДОДАСЫНА ЖОЛДАМА АЛҒАН ЖАНТІЛЕК НҰРТІЛЕПҰЛЫНЫҢ АРАҒА КӨП УАҚЫТ САЛМАЙ-АҚ «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» АТАНУЫ – ҚАЛЫҢ ЕЛДІҢ КӨҢІЛІН ТЕБІРЕНТКЕН ТАРИХИ ЖЕҢІС БОЛДЫ. КЕШЕ ҒАНА ОБЛЫСТЫҚ БӘСЕКЕДЕ ТОП ЖАРЫП ЖҮРГЕН МҰНАЙЛЫЛЫҚ ЖАС БАЛУАН БҮГІНДЕ БҮКІЛ ҚАЗАҚСТАНҒА ТАНЫЛҒАН ЧЕМПИОНҒА АЙНАЛДЫ.

Қазақ күресі – халқымыздың болмысымен біте қайнасқан, білектің күшін ғана емес, жүректің қуатын, рухтың беріктігін, намыстың биіктігін таразылайтын ұлттық спорт. Осы спорттың төрінен орын алып, елдің ең мықты балуандарымен белдесіп, бас бөйгені қанжығаға байлау – кез келген спортшының маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Ал бұл жолы сол бақ Маңғыстаудың қара шаңырағына қонды.

Астана төрінде өткен «Қазақстан Барысы – 2026» республикалық турнирінде «Лабак батыр» лақап атымен өнер көрсеткен Жантілек Нұртілепұлы қарсыластарының барлығын тізе бүктіріп, финалдық белдесуде Жамбыл облысының мықты балуаны Ғалымжан Қырақбайдан басым түсті. Осылайша ол алтын жүлдені иеленіп қана қоймай, Маңғыстау облысының тарихында тұңғыш рет «Қазақстан Барысы» атанған балуан ретінде есімін ел спортының шежіресіне алтын әріппен жазды. Бұл – бір күндік жеңіс емес, бұл жылдар бойы төгілген тердің, талмай жасалған жаттығудың, сүрінген сайын қайта тұрып, жеңіске қарай ұмтылған жігердің жемісі.

Жантілектің жеңісі ел назарынан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев чемпионды «Qazaqstan Barysy – 2026» турниріндегі айқын жеңісімен құттықтады.

Президент спортшының бұл жетістігін оның жеңіске деген ерік-жігері мен жоғары шеберлігінің айқын көрінісі ретінде бағалады. Сонымен қатар мұндай беделді жарыстар халқымыздың бірегей дәстүрлерін жаңғыртып, өскелең ұрпақты ұлттық спорт түрлерімен айналысуға ынталандыратынын атап өтті.

Бұл Жантілектің жеңісінің тек спорттық нәтиже емес, ұлттық спорттың абыройын асқақтатқан маңызды оқиға екенін көрсетеді. Бүгінде жас балуанның есімі Маңғыстаудың ғана емес, күллі қазақ елінің спорт сүйер қауымына жақсы таныс. Оның жеңісі – талай жасқа үлгі, талай балаға арман сыйлайтын жетістік.

«Қазақстан Барысы» додасы – қазақ күресінің ең биік белестерінің бірі. Жыл сайын еліміздің әр өңірінен іріктеліп келген ең мықты балуандар бас қосып, күш сынасады. Бұл долада жеңіске жету үшін алып дене мен мығым білектің өзі аздық етеді. Мұнда спортшының тактикалық шеберлігі, төзімі, психологиялық дайындығы мен жеңіске деген ішкі сенімі қатар сыналады. Жантілек осы сынның бәрінен сүрінбей өтті.

Финалдық белдесу аяқталып, жеңімпаздың есімі жарияланған сәтте Маңғыстаудың талай шаңырағында қуаныштан көзге жас келгені анық. Өйткені бұл бір отбасының немесе бір спорт мектебінің ғана жеңісі емес. Бұл тұтас өңірдің жеңісі.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қилыбайдың: «Қазақстан Барысы мен Алтын домбыра Маңғыстауға қашан бұйырады екен деуші едім. Барыс бұйырды», – деген сөзі де осы қуаныштың салмағын аңғартады. Шын мәнінде, барыс бұйырды. Бірақ сол барыстың жолында Жантілектің маңдай тері, ұстазының сенімі, отбасының қолдауы және туған жердің ақ тілегі тұр.

Жантілектің тарихи жеңісінің ар жағында оның жеке бапкері Қайрат Иманғазиевтің де ұзақ жылғы еңбегі жатыр. Бапкердің айтуынша, 2011 жылдан басталған арманның ақталған сәті.

«2011 жылы тұңғыш рет өткен «Қазақстан Барысы» турнирін тамашалау үшін Астана қаласына арнайы келген едім. Сол сәтте өзіме: «Алла қаласа, бір күні осы дүбірлі долада топ жарып, Қазақстан Барысының жеңімпазы атанатын шәкірт тәрбиелеймін», – деп үлкен мақсат қойған болатынмын. Бүгін, міне, сол арманым жүзеге асып, шәкіртім «Қазақстан Барысы» турнирінің жеңімпазы атанып отыр. Бұл – ұзақ жылғы еңбектің, табандылық пен сенімнің жемісі», – дейді Қайрат Иманғазиев. Он бес жылға жуық уақыт бұрын жүрекке ұялаған арманның бүгін шындыққа



айналуы – бапкер еңбегінің өлшемі.

Жаттықтырушы үшін шәкіртінің жеңісі – өз жеңісінен де биік. Себебі балуанның кілемдегі әрбір белдесуінің артында бапкердің сансыз сағаты, әр қателікті талдау, әр жеңістен кейінгі жаңа мақсат, әр жеңілістен кейінгі жігерлендіруі бар. Жантілектің кәсіби шеберлігін шыңдап, оны республикалық деңгейдегі үлкен додаға дайындауда жеке бапкері Қайрат Иманғазиев пен аға жаттықтырушы Мейрамбек Жанабайдың еңбегі айрықша. Бұл жеңіс – бапкер мен шәкірт арасындағы сенімнің де жемісі.

Жантілектің бүгінгі жетістігін одан сайын ерекше ететін бір жайт бар. Осыдан бірер күн бұрын ғана ол «Маңғыстау Барысы» турнирінде жүлделі екінші орынға ие болған еді. Сол жарыста өңір намысын қорғап, республикалық додаға жолдама алған балуан көп ұзамай Астана төрінде елдің ең мықты балуандарын артқа тастап, «Қазақстан Барысы» атанды.

Бұл – спорттағы табандылықтың, өзіне деген сенімнің айқын көрінісі. Бір жарыстағы екінші орын оны тоқтатқан жоқ. Керісінше, жеңіске деген жігерін қайрап, келесі белеске ұмтылуына жол ашты. Сөйтіп, күмістен кейін алтын келді. Облыстық доладан кейін республикалық жеңіс жалғасты. Қазақта «Талаптыға нұр жауар» деген сөз бар. Жантілектің жолы осы сөздің мағынасын дәлелдегендей.

Тарихи жеңіспен елге оралған чемпионды Маңғыстау халқы ерекше құрметпен қарсы алды.

Туған жерге «Қазақстан Барысы» атанып келген Жантілек Нұртілепұлы мен оның бапкері Қайрат Иманғазиевке құрмет көрсетіліп, демеушілер қаражаты есебінен автокөліктер табысталды. Сонымен қатар чемпион мен оның жеке бапкеріне пәтер берілді.

Бұл спортшыларға көрсетілген құрмет қана емес, ұлттық спортқа деген қолдаудың нақты көрінісі. Жеңістің қуанышын бөліскен ел азаматтары чемпионды төбелеріне көтеріп, ақ тілегін жаудырды. Себебі Жантілектің жеңісі – Маңғыстаудың әрбір тұрғынына ортақ қуаныш. Түптеп келгенде, чемпионға берілген құрмет оның жеке басына ғана көрсетілген сый емес. Бұл – күн сайын жаттығу залында тер төгіп жүрген мыңдаған жас спортшыға «еңбек етсең, биікті бағындыруға болады» деген сенім.

«Қазақстан Барысы» атану – үлкен жетістік. Бірақ нағыз спортшы үшін әр жеңіс жаңа міндет жүктейді. Жантілектің бүгінгі жеңісі Маңғыстаудағы қазақ күресінің дамуына жаңа серпін беретіні сөзсіз. Оның жетістігін көрген талай бала ұлттық спорт үйірмелеріне барып, белдесудің қыр-сырын үйренуге талпынады. Бүгінгі чемпионның жолы ертеңгі чемпиондардың арманына айналады.

АУДАНДА АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕШЕНДІ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ. ПРАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРА БАРЫСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ ОРЫН АЛҒАН КЕЗДЕГІ ТИІСТІ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ МЕН ЖЕДЕЛ ӘРЕКЕТ ЕТУ АЛГОРИТМДЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Оқу-жаттығудың негізгі мақсаты – төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою кезінде азаматтық қорғау органдары қызметтерінің әзірлік деңгейін тексеру. Сонымен қатар басқару органдарының үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету, күштер мен құралдарды жедел жұмылдыру және тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау бойынша практикалық дағдыларды жетілдіруге басымдық берілді.

Шара барысында белгіленген оқу тапсырмалары кезең-кезеңімен орындалды. Атап айтқанда, тұрғындарды төтенше жағдай туралы жедел құлақтандыру, басқару органдарының іс-қимылдарын ұйымдастыру, қажетті күштер мен техниканы белгіленген орындарға шоғырландыру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, авариялық-құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және төтенше жағдай салдарын жою бойынша практикалық жаттығулар өткізілді. Кешенді оқу-жаттығуға ауданның азаматтық қорғау қызметтері, авариялық-құтқару құрылымдары, жергілікті атқарушы органдар мен тиісті ұйымдардың өкілдері қатысты. Қатысушылар нақты жағдайға барынша жақындатылған сценарийлер бойынша әрекет етіп, өзара байланыс пен жедел шешім қабылдау қабілеттерін сынақтан өткізді.

Оқу-жаттығу соңында қатысушылардың дайындығы сараланып, анықталған мәселелер бойынша тиісті міндеттер белгіленді. Алдағы уақытта азаматтық қорғау жүйесінің әзірлігін күшейту, қызметтердің өзара іс-қимылын жетілдіру және төтенше жағдай кезіндегі жедел әрекет ету тетіктерін одан әрі пысықтау көзделді.

Мұндай практикалық жаттығулар төтенше жағдайлардың алдын алуға, мамандардың кәсіби дайындығын арттыруға және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың маңызды бөлігі болып табылады

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ДӘСТҮРЛІ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ӨТТІ. БИЫЛҒЫ БАСҚОСУ «БІЛІМ САПАСЫ МЕН АДАМИ КАПИТАЛ: ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР» ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛДЫ.

Жиынға аудан әкімінің орынбасары Сара Ноғасева, аудандық білім бөлімінің басшысы Сағатбек Жұбанов, «Өрлеу» БАҰО Маңғыстау облысы бойынша кәсіби даму институты филиалының директоры Қайрат Тілеуов, сондай-ақ білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогтер қатысты.

Пленарлық отырыста сөз алған аудан әкімінің орынбасары Сара Ноғайқызы ұстаздар қауымын жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, білім беру саласының қоғам дамуы мен ел болашағын қалыптастырудағы айрықша рөліне

ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ АЙҚЫНДАЛДЫ



тоқталды. Ол дәстүрлі тамыз кеңесінің педагогтер үшін өткен оқу жылына қорытынды жасап, алдағы кезеңнің негізгі бағыттарын саралайтын маңызды алаң екенін атап өтті.

Кеңес барысында аудандық білім бөлімінің басшысы Сағатбек Орынғалиұлы «Сапаға бағыт: өткен оқу жылының қорытындысы және жаңа оқу жылындағы міндеттер» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада өткен оқу жылындағы жетістіктер мен өзекті мәселелер сараланып, жаңа оқу жылында білім сапасын арттыруға бағытталды.

Жынында педагогтердің кәсіби дамуына да ерекше назар аударылды. «Өрлеу» БАҰО Маңғыстау облысы бойынша кәсіби даму институты филиалының директоры

Қайрат Қыпшақбайұлы «Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы – білім сапасының қозғаушы күші» тақырыбында баяндама жасап, мұғалімдердің біліктілігін үздіксіз жетілдірудің маңыздылығына тоқталды. Оның айтуынша, заманауи білім беру жүйесінде педагогтің кәсіби ізденісі мен жаңашылдыққа бейімділігі білім сапасын арттырудың басты факторларының бірі.

Тамыз кеңесі аясында білім саласының дамуына елеулі үлес қосып, кәсіби қызметінде жоғары нәтижелер көрсеткен бірқатар ұстаз марапатталды. Оларға Мұнайлы ауданы әкімінің Алғыс хаты, облыстық білім басқармасы басшысының Құрмет грамотасы және аудандық білім бөлімі басшысының Алғыс хаты табысталды.

Жиын қорытындысында жаңа оқу жылындағы басым бағыттар сараланып, білім сапасын көтеру, педагогтердің кәсіби құзыретін арттыру және оқушыларға сапалы білім беруге бағытталған нақты міндеттер айқындалды. Тамыз кеңесі ұстаздар қауымына жаңа оқу жылына тың серпін беріп, ортақ мақсатқа жұмыла жұмыс істеудің маңызғын тағы бір мәрте көрсетті.



■ ҚАУІПСІЗДІК

Жаңа оқу жылы: ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАСТЫ НАЗАР

АУДАНДА ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАР ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА КҮШЕЙТІЛДІ. ӘСІРЕСЕ, БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ МАҢЫНДАҒЫ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫН РЕТТЕУ, ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ КӨЛІК ҚОЗҒАЛЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУ МӘСЕЛЕСІНЕ ЕРЕКШЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ.

Жаңа оқу жылының басталуына орай аудан аумағында жол инфрақұрылымын жақсарту бойынша бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Ағымдағы жылы 9 орынға бағдаршам орнатылып, пайдалануға берілді. Соның ішінде 6 нысанға жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар қойылса, 3 қиылыстағы бағдаршамдарға



жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, жаңа құрылғылар орнатылды.

Бұл жұмыстардың негізгі мақсаты – жол-көлік оқиғаларының алдын алып, әсіресе мектеп оқушыларының жолдан қауіпсіз өтуіне жағдай жасау. Оқу жылы басталған кезеңде көшелердегі көлік қозғалысының қарқынды артып, жаяу жүргіншілер қатары көбейетіні белгілі. Сондықтан білім беру ұйымдары орналасқан аумақтардағы қауіпсіздік шараларын күшейту – маңызды міндет.

Сонымен қатар, көлік қозғалысын реттеу және жолдағы қауіпсіздікті арттыру мақсатында «Адай» қиылысына да ерекше назар аударылды. Баянды ауылына бұрылатын қауіпті учаскеге қосымша бағдаршам секциясы орнатылды. Бұл шешім аталған аумақтағы көлік қозғалысын реттеп қана қоймай, жүргізушілер үшін жол

жағдайын түсініктірек етуге және ықтимал кептелістердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Аудан көлемінде бұл бағыттағы жұмыстар биыл ғана қолға алынған жоқ. Бұған дейін 14 орынға жаңа бағдаршамдар орнатылып, қолданыстағы құрылғылар жаңғыртылған болатын. Атап айтқанда, 5 орынға жаяу жүргіншілерге арналған бағдаршамдар қойылып, 9 қиылыстағы бағдаршамдар жаңартылды және жаңадан орнатылды.

Жол қауіпсіздігі – тиісті мекемелердің ғана емес, барлық жол қозғалысына қатысушылардың ортақ жауапкершілігі. Бағдаршамдар мен жол инфрақұрылымының жаңаруы қауіпсіздік деңгейін арттырғанымен, жүргізушілердің жылдамдық режимін сақтауы, жаяу жүргіншілерге жол беруі және ата-аналардың балаларға жол жүру ережесін түсіндіруі де аса маңызды.

Жаңа оқу жылы – балалардың мектепке қайта оралатын шағы. Осыған орай ауданда жасалып жатқан жол қауіпсіздігі шаралары оқушылардың білім ордасына алаңсыз барып, үйлеріне аман-есен оралуына бағытталған.

Қауіпсіз жол – ортақ міндет. Сондықтан әрбір жол қозғалысына қатысушы ережені сақтап, өз қауіпсіздігімен қатар, өзгенің өміріне де жауапкершілікпен қарауы қажет.

Т.ӘЛЖАНҰЛЫ.

■ ЖҰМЫС САПАР

МӘСЕЛЕЛЕР ПЫСЫҚТАЛДЫ

АУДАН ӘКІМІ ҚАНАТ ҚҰЛЖАНОВ АТАМЕКЕН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ БА-РЫП, ЕЛДІ МЕКЕНДЕГІ БІРҚАТАР МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІЛУ БАРЫСЫН БАҒАМДАДЫ. ЖҰМЫС САПАРЫНА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ БЕРІК БЛӘЛОВ ПЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ТӨРАҒАСЫ ЖАМБЫЛ АСАРБАЙ ДА ҚАТЫСТЫ.



Аудан басшысы алдымен №7 мектеп маңындағы су бұру жүйесін қарап, ауыл ішіндегі каналдың жағдайына назар аударды. Сондай-ақ Жалын тұрғын массивіндегі орталық жолдың құрылыс барысы тексерілді.

Жол мәселесіне қатысты тұрғындардың

ұсыныстары тыңдалып, мердігер компания өкілімен нақты мерзімдер талқыланды. «Нұрлы Жол» ЖШС басшысы жолдың қалған 600 метр бөлігін осы айдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырғанын айтты.

Сапар соңында анықталған

кемшіліктерді жою және көтерілген мәселелерді шешу жөнінде жауапты мамандарға тапсырмалар берілді. Аудан басшысы жұмыстардың орындалысын бақылауды тапсырды.

Ту-Бері АБЫЛАЙ

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Dunga Operating GmbH» филиалы ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес мына жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді: «Мұнайды есепке алудың коммерциялық торабының алаңын қайта құру». «Дунга кен орны, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы», ППМ.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны: 2026 жылғы 25 қыркүйек сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, «Баянды ауылы әкімінің аппараты» ММ, Мәдениет үйі ғимараты

Географиялық координаттары: Құрылыс салынып жатқан нысанның координаттары: N 44° 3' 21.01726" E 51° 16' 32.10717"

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82723179192?pwd=f4e46960-da66-4164-a204-09f46f6eca41> Конференция идентификаторы: 828 5986 8244 Кіру коды: 110640

Бастамашы: «Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12-шағын аудан, 79/1 ғимарат, пошта индексі 130000, БСН 000941000344, Эколог – Каленов Нурбол, тел. 8 (702) 996 90 80

Жобаны әзірлеуші: «Construction NS» ЖШС, Ақтау к. 17-шағын аудан, 20-үй тел: 87767120270. БСН 010740010777

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: +7 (778) 113-9897

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық пошта-сы арқылы қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> акпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналастырылған.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Филиал «Dunga Operating GmbH» в соответствии с требованиями статьи 96 ЭК РК проводит Общественные слушания в форме открытого собрания по проектам: «Реконструкция площадки КУУН». Месторождение «Дунга», Мунайлинский район, Мангистауская область». ППМ.

Дата, время и место проведения общественных слушаний 25 сентября 2026 года в 11:00, Мангистауская область, Мунайлинский район, ГУ «Акимат села Баянды», здание Дом культуры.

Географические координаты: Координаты обустройства объекта: 44° 3' 21.01726" СШ, 51° 16' 32.10717" ВД

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/82723179192?pwd=f4e46960-da66-4164-a204-09f46f6eca41>

Идентификатор конференции: 828 5986 8244 Код доступа: 110640

Инициатор: Филиал «Dunga Operating GmbH», Мангистауская область, город Ақтау, микрорайон 12, здание 79/1, почтовый индекс 130000, БИН 000941000344, Эколог – Каленов Нурбол, тел. 8 (702) 996 90 80

Разработчик: ТОО «Construction NS», г. Ақтау, 17 микрорайон, 20 дом, тел: 87767120270. БИН 010740010777

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. +7 (778) 113-9897.

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Документация по проекту размещена на сайте Информационная система <https://ndbecology.gov.kz/>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Емир-Ойл» ЖШС «К-127 ұңғымасын салуға арналған жеке техникалық жобаға түзету жобасына ҚОҚБ» бойынша ашық отырыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау: 28.09.2026 ж., сағат 16.00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылында, ауылдық клубта өтеді. Ықтимал әсер ету аймағы Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды а. гео.координаттары с.е. 43°45'28.1645"N ; ш.б.51°38'53.9143"E

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/89697994487?pwd=7WNGa1klKbGtiqOS2bNxSro0F97PKV.1> Конференция идентификаторы: 896 9799 4487.

Кіру коды: cE1A1t

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошталық мекенжайы: Жобалық құжаттамамен сандық жүйеде немесе ТРЖҰДБ <https://hearings.ndbecology.gov.kz> арқылы танысуға болады. Ескерту мен ұсыныстар ТРЖҰДБ және s.bazarbay@mangystau.gov.kz қабылданады

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Емир-Ойл» ЖШС, тел. +7 702 110 6011, e-mail: k_kalova@emirol.kz, БСН 020340004531

Жобаны жасақтаушы «PRIME CAPITAL CORPORATION» ЖШС, e-mail. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21 БСН 200240021010

Қосымша ақпаратты мына эл. мекенжай бойынша алуға болады: PrimeCompanyLTD@mail.ru және тел. +7 701-763-32-21

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «Емир-Ойл» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «РООС к Корректировке к «Индивидуальному техническому проекту на строительство скважины К-127»» 28.09.2026г. в 16.00 часов по адресу: Мангистауская область, Мунайлинский район, с.Баянды в клубе села. Территория потенциального воздействия Мангистауская обл., Мунайлинский район, с.Баянды гео.координаты с.ш. 43°45'28.1645"N; в.д. 51°38'53.9143"E

В случае карантинных ограничений можно подключиться онлайн на платформе ZOOM, по ссылке: <https://us05web.zoom.us/j/89697994487?pwd=7WNGa1klKbGtiqOS2bNxSro0F97PKV.1> Идентификатор конференции: 896 9799 4487 Код доступа: cE1A1t

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: С материалами проектной документации можно ознакомиться на Цифровой системе или НБДСОС <https://hearings.ndbecology.gov.kz> Замечания и предложения принимаются на НБДСОС и s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Емир-Ойл» тел. +7 702 110 6011, e-mail: k_kalova@emirol.kz, БСН 020340004531

Проектная организация: ТОО «PRIME CAPITAL CORPORATION» эл.почта. PrimeCompanyLTD@mail.ru тел. +7 701-763-32-21. БИН 200240021010

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: PrimeCompanyLTD@mail.ru и тел. +7 701-763-32-21.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«ЕМИР-ОЙЛ» ЖШС «Кариман кен орнын кеңейту. К-127 ұңғымасын жайластыру» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 28 қыркүйек, сағат 15:00-де. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Баянды ауылы, ауылдық клуб ғимараты.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us06web.zoom.us/j/82723179192?pwd=f4e46960-da66-4164-a204-09f46f6eca41>

Конференция идентификаторы: 827 2317 9192. Кіру коды: Oil123456 Тапсырыс беруші: «Емир-Ойл» ЖШС, БСН: 020340004531. Нақты мекенжайы: Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, №22 ғимарат. Тел.: 8 (7292) 29-09-60.

Жобаны әзірлеуші: «KJS Project & Consulting» ЖШС, БСН: 080440012170. Мекенжайы: Ақтау қаласы, 29 «А» шағын ауданы, 54-ғимарат. Тел.: 8 (7292) 20-35-42, электрондық пошта: kjs_project@inbox.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: +7 (778) 113-9897.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> акпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/> интернет-ресурсында орналастырылған. К-127 ұңғымасының географиялық координаттары: 43°45'28.1645" с.е., 51°38'53.9143" ш.б.

Баянды ауылының географиялық координаттары: 43°45'43" с.е., 51°18'26" ш.б.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ТОО «ЕМИР-ОЙЛ» объявляет, что проводит общественные слушания по РООС к Рабочему проекту «Расширение месторождения Кариман. Обустройство скважины К-127».

Слушания состоятся: 28 сентября 2026 года в 15:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, Мунайлинский район, с. Баянды в клубе села.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us06web.zoom.us/j/82723179192?pwd=f4e46960-da66-4164-a204-09f46f6eca41>

Идентификатор конференции: 827 2317 9192. Код доступа: Oil123456 Заказчик: ТОО «Емир-Ойл», БИН: 020340004531, Фактический адрес: г. Ақтау, 17 мкр., здание №22, тел. 8-729-229-0960.

Разработчики проекта: ТОО «KJS Project & Consulting», БИН: 080440012170, г. Ақтау, мкр-н 29 «А», зд 54, тел: 8(7292) 203542, e-mail: kjs_project@inbox.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. +7 (778) 113-9897.

Замечания и предложения принимаются на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и s.bazarbay@mangystau.gov.kz.

Документация по проекту размещена на сайте Информационная система <https://ndbecology.gov.kz/>, и интернет-ресурсе <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/>.

Географические координаты скважины К-127: 43°45'28.1645" с. ш., 51°38'53.9143" в.д.

Географические координаты села Баянды: 43°45'43" с. ш. 51°18'26" в. д.